

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ № 24
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА № 24
ГОРОДА ПАВЛОДАРА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ПАВЛОДАРА,
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

БҮЙРЫҚ
2023 жылғы 24 сәуір

ПРИКАЗ
№1-03/216-1

**Павлодар қаласының №24 жалпы
орта білім беру мектебі» КММ
2022-2023 оку жылдарының аяқталуы
және қорытынды аттестаттауды өткізу туралы**

2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Занының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі «2022-2023 оку жылдарының аяқталуы және орта білім беру үйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» №88 бүйрығы, Павлодар облысы білім басқармасының 2023 жылғы 21 сәуірдегі «Павлодар облысының орта білім беру үйымдарында 2022-2023 оку жылдарының аяқталуы және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» №2-02/234 бүйрығын, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі «Павлодар қаласының орта білім беру үйымдарында 2022-2023 оку жылдарының аяқталуы және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» №1-03/686 бүйрығы негізінде, сондай-ақ №24 ЖОМ КММ 2022-2023 оку жылын аяқтау және бітіру емтихандарын, білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. №24 ЖОМ КММ 2022-2023 оку жылдарының үйымдастырылған аяқталуы бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын (жауапты БОЖО М.Г. Лемешинская).
2. Оку жылдарының аяқталу мерзімі төмендегідей белгіленесін:
 - 1) 1-11 сыныптардағы оку сабактары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
 3. 9 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында;
 - 3.1 9-сыныптарда негізгі орта білім курсы бойынша қорытынды бітіру емтихандары өткізілсін:
 - 1) қазак/орыс тілдерінен жазбаша емтихан эссе түрінде -2023 жылғы 2 маусым;
 - 2) математикадан (алгебра) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023

жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы, Әдебиет (оқытылу тілі бойынша), Шетел тілі (ағылшын), Информатика) - 2023 жылғы 13 маусым;

4.11-ші сыныптарда мемлекеттік қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

4.1 11-сыныптарда қорытынды бітіру емтихандарын өткізуге жауапты БОЖО А.М. Муканова тағайындалсын.

11-сыныптарда жалпы орта білім курсы бойынша мемлекеттік бітіру емтихандары өткізілсін:

1) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2023 жылғы 8 маусым;

2) қазак/орыс (оқыту тілі) тілдері бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен және қазак тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым.

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүние жүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шетел тілі (ағылшын), Информатика) - 2023 жылғы 19 маусым;

5. Қайта қорытынды атtestаттау 2023 жылғы 20-30 маусым аралығында өткізілсін.

6. Окушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге «2022-2023 оку жылдарын аяқталуы және мектеп окушыларының емтихандарын өткізу туралы» бұйрықпен және КР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарында білім алушылардың оку үлгеріміне ағындағы бақылауды, аралық және қорытынды атtestаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларына енгізілген өзгерістер таныстырылсын.

7.9,11-сыныптарды қорытынды мемлекеттік атtestаттаудан босату Үлгілік қағидаларға және Павлодар облысы білім беру басқармасының, Павлодар облысы деңсаулық сақтау басқармасының 2022 жылғы 28 сәуірдегі «Бітіру емтихандарынан босату туралы» № 221-Ә бұйрығына сәйкес жүзеге асырылсын (жауапты БОЖО А.М. Муканова).

4) Павлодар қаласының білім беру бөліміне келесі құжаттарды ұсынсын:

- үздік және «Алтын белгі» жалпы орта білім туралы атtestатқа үміткерлердің құжаттары – 2023 жылғы 18 мамырға дейін;

- негізгі және орта мектеп курсы бойынша емтихандардан босатылған окушылардың құжаттары – 2022 жылғы 25 мамырға дейін (жауапты БОЖО А.М. Муканова).

- 9,11 сынып окушыларының қорытынды атtestаттау нәтижелері 2023 жылғы

- 23 маусымға дейін (жауапты БОЖО А.М. Муканова)
- 5) 2023 жылғы 18 сәуірге дейін 9-сыныптардың бітіру емтихандарына таңдау пәндерінің тізімі жасалсын (жауапты БОЖО А.М. Муканова).
- 6) 2023 жылғы 24 сәуірге дейін бітіру емтихандарының кесес беру кестесі құрылсын (жауапты БОЖО А.М. Муканова).
- 7) 2023 жылғы 24 сәуірге дейін бітіру емтихандарының кесетесі құрылсын (Жауапты БОЖО А.М. Муканова).
8. Пән мұғалімдері:
- 2023 жылғы 22-26 мамыр аралығында 4 тоқсан үшін ТЖБ өткіздін.
 - 2023 жылғы 29 мамырға дейін оқушылардың қорытынды бағаларын қорытсын.
9. 2023 жылғы 25 сәуірге дейін оку жылының аяқталуы және емтихан материалдарын бекіту бойынша нормативтік құжаттарды талдау бойынша ӘБ өткізілсін.
10. БОЖО А.М. Муканова 9, 11-сыныптарды қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан босатуды ұйымдардағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларына (24, 25-тармақтар) сәйкес және Павлодар қаласы білім беру бөлімінің бұйрығына сәйкес жузеге асырсын.
11. 9, 11-сыныптардың сынып жетекшілері 2023 жылғы 20 мамырға дейін оқушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан босату үшін құжаттарды ұсынсын.
12. 2023 жылғы 17 мамырға дейін оку жылының аяқталуы бойынша құжаттама дайындалсын.
13. БОЖО А.М. Муканова 2023 жылғы емтихан кеңестерін кестесін, емтихандарды өткізу кестесін, «Емтиханға дайындал» стендін дайындасын.
14. БОЖО Г.Г. Сулейменова ҰБТ-ға дайындық бойынша стенд дайындасын.
15. Мектеп сайтында «Емтиханға дайындал», «ҰБТ» қосымшалары жаңартылсын: нормативтік құжаттар, оқушыларға арналған жадынамалар, ата-аналарға арналған жадынамалар, психологтар кеңесі, кеңес беру кестесі, ҰБТ нәтижелері (Жауапты Н.Е. Сейлханова, А.Е. Муштаева, Г.Г. Сулейменова, А.М. Муканова).
16. Оқушыларды келесі сыныпқа көшіру және қорытынды аттестаттауға жіберу (1-8,10 сынып оқушыларын көшіру), оқушыларды Мақтау қағазымен марапаттау (1-8,10 сын.), негізгі орта, жалпы орта білім курсы бойынша қорытынды аттестаттауға жіберу (9,11 сын.) туралы пед. кеңес өткізілсін (жауапты А.М. Муканова, М.Г. Лемешинская).
17. 9 сынып оқушыларының негізгі орта білім курсы бойынша қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы пед.кеңес өткізілсін(14 маусым, қорытынды аттестаттау өткізілгеннен кейін) (Жауапты А.М. Муканова, М.Г. Лемешинская).
18. 11 сынып оқушыларының жалпы орта білім курсы бойынша қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері, жалпы орта білім туралы аттестаттарды табыстау туралы пед.кеңес өткізілсін (2023 жылғы 20 маусым) (Жауапты А.М. Муканова, М.Г. Лемешинская).

19. Мақтау қағаздарының уақтылы және сапалы толтырылуына жауапкершілік 2-8,10 сыныптардың сынып жетекшілеріне жүктелсін.
20. 2023 жылғы 16 маусым күні негізгі орта мектепті бітіру туралы аттестатты салтанатты табыстау ұйымдастырылсын және өткізілсін (Жауапты БТЖО Т.П. Онянов, Н.С. Нурмагамбетов, О.Я. Слывацкая, А.М. Муканова, М.Г. Лемешинская).
21. 2023 жылғы 20-24 маусым аралығында жалпы орта мектепті бітіру туралы аттестатты салтанатты табыстау ұйымдастырылсын және өткізілсін (Жауапты БТЖО Т.П. Онянов, Н.С. Нурмагамбетова, О.Я. Слывацкая, А.М. Муканова, М.Г. Лемешинская).
22. БОЖО оку бағдарламаларының уақтылы орындалуын, олардың практикалық бөлігін, емтихан материалының дайындығын, қайталауды ұйымдастыруды, осы бұйрықтың сақталуын бақылауды жүзеге асырсын.
23. БОЖО 2022-2023 оку жылының осы бұйрықтың, Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларының, білім беру ұйымдарында үлгеріміне ағымдағы бақылауды, білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу қағидаларының талаптарына сәйкес аяқталуын қамтамасыз етсін; осы бұйрықты мұғалімдерге, оқушылар мен олардың ата-аналарына таныстырысын.
24. ДТЖО Н.С. Нурмагамбетова бастауыш сынып оқушыларына мектеп жаңындағы лагерь жұмысын ұйымдастырысын.
25. Емтихандарда, жазғы мектепте, мектеп лагерінде, қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде қауіпсіздіктің барлық талаптары сақталынын.
26. Оку жылының ұйымдастырылған аяқталуына және емтихандардың өткізуіне жауапты БОЖО А.М. Муканова мен М.Г. Лемешинская тағайындалсын.
27. Бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп басшысының м.а.



О.Я.Слывацкая

Бұйрықпен танысты:
Муканова А.М.
Лемешинская М.Г.
Сулейменова Г.Г.
Нурмагамбетова Н.С.
Сейлханова Н.Е.
Муштаева А.Е